

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ
Мектеп алды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың
функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары**

АНЫҚТАМА

24.09.2025ж

Бақылаудың мақсаты:

1. Балалардың сөйлеу, тыңдау, түсіну қабілеттерін бағалау - олардың күнделікті өмірде ойын жеткізе алуын, сөздік қорын және тілдік құрылымдарды қолдану деңгейін анықтау.
2. Коммуникативтік дағдыларын дамыту деңгейін бақылау - сұрақтарға жауап беру, диалог құру, еркін сөйлеу, өз ойын байланыстырып жеткізу қабілетін тексеру.
3. Сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін бағалау – тіл дамытудағы көрнекілік, ойын, рөлдік жаттығулардың баланың функционалдық сауаттылығына әсерін бақылау.
4. Мұғалімнің оқу процесін ұйымдастыру сапасын талдау – тапсырмалардың жас ерекшелігіне сәйкестігін, тілдік орта қалыптастыруын, ынталандыру тәсілдерін бақылау.
5. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға кедергі келтіретін факторларды анықтау – балалардың тілдік қиындықтары, пассивтілігі, оқу ортасының жеткіліксіздігі сияқты мәселелерді анықтау.

Бақылау объектісі: мектепалды даярлық тобы оқушылары

Бақылау түрі: жоспарлы бақылау

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбында 18 оқушы бар. Топтың жетекшісі Кенжегарина Асемгуль. Топтағы оқушыларға келетін болсақ, үш оқушының тілдік қоры орташа дамыған, және орыс тілді балалар, және 1 оқушы ерекше білім беруді қажет ететін бала бар. Диагнозы ЗПР ОНР. Тілдік қоры дамымаған, дыбыстарды анық айта алмайды және ұсақ моторикасы орташа дамыған. Мұғалім сабақта көбіне интерактивті материалдарды, көрнекіліктерді, дыбыстық жазбаларды қолданады.

Бұл жұмыстардың барлығы баланың тіл мәдениетін, коммуникативтік дағдысын және функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сараптама жасаған : БСОІМ Н:Жәнімхан

Сыныптағы оқушылар өз есімін, жасын айта алады. Сөйлем құрап сөйлейді, ал кейбір балаларға қиындық тудыртады. Жаңа сөздерді меңгеруге ынталы. Өңгіме немесе ертегі тыңдауға қызығушылық танытады.

Мектепалды даярлық 0 «Ә» сыныбында 15 оқушы бар.

Әр оқушы өз есімін, жасын айта алады. Сөйлем құрап сөйлейді. Жаңа сөздерді меңгеруге ынталы. Өңгіме немесе ертегі тыңдауға қызығушылық танытады.

Ұсыныс: Мектепалды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтары - баланың тілін дамытудың және функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ең тиімді құралы болып табылады. Мектепалды даярлық тобы мұғалімдеріне қажет жағдайда мектеппсихологымен, логопедпен бірлесе отырып жұмыс жасау қажеттігі ұсынылды.